

Тауарларды еркін айналымға шығарудың режиміндегі тауарлардың кедендік құнына бақылау жасаудың процедурасын орындау кезіндегі тауарлардың кедендік құнын анықтаудың УАҚЫТША ТӘРТІБІ

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Кеден комитеті 1997 жылғы 4 шілдедегі N 174-П Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 14 тамызда тіркелді. Тіркеу N 352. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік Кеден комитеті 2000 жылғы 4 сәуірдегі N 117 бұйрығымен. ~V001123

Тауарларды еркін айналымға шығарудың режиміндегі тауарлардың кедендік құнына бақылау жасаудың процедурасын орындау кезіндегі кеден төлемдері мен салықтарын есептеудің негізі болып саналатын тауарлардың кедендік құнын шынайы анықтау, сыртқы-сауда мен оның төлем балансының күйі туралы статистикалық шынайы ақпараттарды алу мақсатында бұйырамын:

1. Тауарларды еркін айналымға шығарудың режиміндегі тауарлардың кедендік құнына бақылау жасаудың процедурасын орындау кезіндегі тауарлардың кедендік құнын анықтаудың уақытша тәртібі (1-қосымша) бекітілсін.

2. Төмендегідей жағдайлар:

тауарлардың кедендік құнына бақылау жасаудың процедурасын орындау кезіндегі тауарлардың кедендік құнын анықтаудың уақытша тәртібінің Қазақстан Республикасының кеден аумағы арқылы өткізілетін барлық тауарларға қатысты қолданылатындығы.

Нақты кеден басқармасы мен кеденнің қызметі аймағындағы ауданға жиі

әкелінетін тауарлардың тізбесіне тауарлардың шартты бағасын кеден басқармасы мен кеденнің бастығы бекітетіні;

тауарлардың шартты бағалары туралы ақпараттарды Мемлекеттік кеден комитетінің Кедендік кірістер басқармасына әр төртінші айдың 5-күніне қарата жіберу керектігі белгіленсін.

3. Мемлекеттік кеден комитетінің баспасөз қызметі осы бұйрықтың ережелерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

4. Бұйрық баспасөзде жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

5. Бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Мемлекеттік кеден комитеті Төрағасының орынбасары В.Д. Кирдановқа жүктелсін.

Төраға

ҚР МКК-нің
1997 жылғы 4 шілдедегі
N 174-П бұйрығына
1-қосымша

Тауарларды еркін айналымға шығарудың режиміндегі
тауарлардың кедендік құнына бақылау жасаудың
процедурасын орындау кезіндегі тауарлардың кедендік
құнын анықтаудың
УАҚЫТША ТӘРТІБІ

1. Декларанттың мәлімдеген тауарларының кедендік құнының және кедендік бағалаудың шынайылығын анықтау кеден басқармалары мен кедендердің кеден төлемдері бөлімдерінің құзырына кіреді.

2. Декларанттың мәлімдеген тауарының кедендік құны аталған қосымшада көрсетілген тауардың шартты бағасына сәйкес келмейтін жағдайда (яғни, 5% не одан да төмен болса) тізбе (N 1-қосымшада) көрсетілген тауарларды олардың кедендік құнын анықтаудың 1-әдісін қолдана отырып кедендік ресімдеу сыртқы саудалық мәміленің нақты төлеу сомасын растайтын банкілік төлем құжаттарын міндетті түрде ұсыну жолымен жүзеге асырылады.

Аталған тауарларға сыртқысаудалық мәміленің нақты төлеу сомасын растайтын банкілік төлем құжаттары жоқ болатын кезде кедендік құнды анықтаудың 2-5-әдістері қолданылмайды, кедендік бағалау N 1-қосымшада белгіленген Қазақстан Республикасы франкошекарасы шарттарымен тауарлардың шартты бағасы ескеріліп жүзеге асырылады.

3. N 1-қосымшада көрсетілмеген тауарларға қатысты декларанттың мәлімдеген тауарының кедендік құны тауардың шартты бағасына $<*>$ 25% кем болатын жағдайда, сатушының шотына сатып алушының төлеген төлеу сомасын растайтын банкілік төлем құжаттарын кеден органдарына ұсыну кедендік құнды 1-әдіс бойынша анықтаудың міндетті шарты болып табылады. Оның үстіне төлеу кедендік жүк декларациясы қабылданған күні жүзеге асырылуы тиіс.

Сыртқысаудалық мәміленің нақты төлеу сомасын растайтын банкілік төлем құжаттары жоқ болатын кезде немесе келісім-шартпен тауарды өткеру ескеріле

отырып, бағаны қайта қарау туралы ережеге сәйкес әкелінетін тауардың түпкілікті бағасы көзделетін жағдайда сатушының сатып алушыға төлеген жалпы төлеу сомасы бойынша анықталуы мүмкін болатындығы көзделетін кезде 2-5-әдістері қолданылмайды, тауарларды кедендік бағалау тауарлардың шартты бағасы ескеріле отырып, 6-әдістің негізінде жүзеге асырылады.

Ескертулер:

<*> Тауардың шартты бағасы - импорттық бағалардың қалыптасқан деңгейі ескеріліп, жеке алынған кеден органының статистикалық деректерінің, сондай-ақ баға анықтамалықтарының, баға прејскуранттарының, фирмалар каталогтарының, орташа келісім-шарттық анықтамалықтардың негізінде тауарларды жеткізудің ерекшеліктері (тауардың түрі, топтаманың мөлшері, жөнелту елі, шыққан елі, жеткізілімнің шарттары мен уақыты) ескеріле отырып есептеледі.

Мейлінше жиі әкелінетін тауарлардың тізбесіне қойылатын тауарлардың шартты бағасы бұдан бұрынғы 90 күн ішінде осы тауарларға қалыптасқан бағалардың деңгейі ескеріліп, 3 ай мерзіміне белгіленеді.

4. Тауарларды шартты түрде еркін айналымға шығару декларанттың жазбаша өтініші бойынша (N 2-қосымша) тек қана кеден органының депозитіне, кеден төлемдері мен салықтарының қажетті сомаларын салудың міндетті шарты орындалатын жағдайда жүзеге асырылады.

Бұл ретте кеден органының депозитіне салынатын кеден төлемдері мен салықтарының қажетті сомасы кеден органының КҚТ-1 нысанын толтыра отырып, кеден органы жүргізген тауарларды уақытша (шартты) бағалауы мен декларанттың мәлімдеген кедендік құны арасындағы айырмашылық ескеріле отырып есептеледі.

Мұндай жағдайда КҚТ-нің сыртқы бетінде "Кеденнің белгілері үшін" бағанында кеден органының лауазымды адамы "КҚ нақтылануда" деп жазады. " _____ " _____ N _____ уақытша КҚ. Түзету мерзімі " _____ " _____ ", ол белгіленген тәртіппен куәландырылады. Осындай жазу КЖД-нің "С" бағанында жазылады.

Келісім-шарттың шарттарына сәйкес кеден органының белгілеген мерзімінде декларант тауарлардың кедендік құнын растайтын барлық құжаттарды ұсынғаннан кейін кедендік құнды және тиісті кеден төлемдері мен салықтарын қайта есептеу, оның ішінде артық төленген сомаларды қайтару не кем төленген сомаларды өтеу КҚТ-1 нысанын толтыра отырып жүзеге асырылады.

Ондай жағдайда декларанттың алғаш мәлімдеген кедендік құн банкілік төлем құжаттары арқылы расталады, КҚТ-1 толтырылмайды, КҚД-1-де "Кеденнің белгілері үшін" бағанында "КҚ қабылданады" деп жазылады және кедендік

құнды растау үшін ұсынылған құжаттың N көрсетіледі. Осындай белгілер КЖД-нің "С" бағанында жазылады.

Мәлімделген кедендік құнды растайтын қажетті құжаттар белгіленген мерзім өткенге дейін ұсынылмаса, тауарлардың шартты бағасы қолданылып есептелінген, кеден төлемдері мен салықтарының сомасы тауарлардың кедендік құнына қатысты түпкілікті шешім болып саналатын КҚТ-1-ді кеден органы лауазымды адамының толтыруы жолымен бюджеттің кірісіне аударылады.

5. Қазақстан Республикасында Экспорттық-импорттық валюталық

келісім-шарттарды ұйымдастыру туралы ереже енгізілген сәттен бастап импорттық мәмілені төлеу бойынша хабардар ету сыртқысаудалық мәмілені растау болып табылады.

6. Кедендік құнды түзеу нысанын толтыру Ережеге (КҚТ-1 мен КҚТ-2 нысандарын толтыру жөніндегі уақытша нұсқау) N 3-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

7. Шартты түрде шығарылған тауарларға толық бақылау жасауды кеден төлемдері бөлімі төмендегідей процедураларды:

- төмендегідей мәліметтерді:

- 1) КЖД нөмірін;
- 2) кәсіпорын атауын;
- 3) тауардың атауын;
- 4) тауардың кодын;
- 5) кедендік ресімдеудің күніндегі төлемнің валюта коды мен шетелдік валюта бағамын;
- 6) кеден органы депозитіне төленген кеден төлемдері мен салықтарының сомасын, сондай-ақ КҚТ-1 N-ін;
- 7) кедендік құнды растаудың белгіленген мерзімін;
- 8) шартты құнды қолдана отырып, кедендік бағалаудың нәтижесінде алынған және бюджетке аударылған кеден төлемдері мен салықтарының сомасын, сондай-ақ КҚТ-1 N -ін;
- 9) түпкілікті кедендік бағалаудың күнін бейнелей отырып тауардың кедендік құнын растаудың қажет болуына байланысты тауарларды шартты түрде шығару жүзеге асырылып отырылған КЖД-ні есепке қою журналын ендіруді орындай отырып жүзеге асырады.

Тауарларды еркін айналымға шығарудың режиміндегі тауарлардың кедендік құнына бақылау жасаудың процедурасын орындау кезіндегі тауарлардың кедендік

құнын анықтаудың уақытша тәртібіне

1-қосымша

Сыртқысаудалық мәміленің төлену фактісін растайтын банкілік төлем құжаттарын міндетті түрде ұсыну көзделген тауарлардың тізбесі

СЭҚ ТН бойынша Тауардың қысқаша атауы Өлшем Өлемдік бағалар тауардың коды	бірлігі негізінде (өлшем бірлігі үшін АҚШ долларымен) есептелген кедендік бағалауға арналған шартты баға
1	2 3 4
2203 00	Сыра ашытқысы литр 1.00
2204 (2204 10- нан басқасы)	Күшейтілгендерін қоса литр 2.00 табиғи жүзім шараптары
2204 10 (2204 10 110- нан басқасы)	Көбікті шараптар литр 2.00
2204 10 110	Шампан литр 3.00
2205	Вермуттар мен өзге де литр 2.50 өсімдік не хош иісті сығындылар қосылған табиғи жүзім шараптары
2206 00	Ашытылған өзге де литр 1.50 сусындар (алма сидры, перри (алмұрт сидры), бал сусыны)
2207 10 000	Спирт концентрациясы литр 1.50 кемінде 80% тазаланбаған этил спирті

2208 20 |Жүзім шарабын не жүзім | литр | 7.00
сығындысын дистилляция.	
лау (айдау) нәтижесінде	
алынған спирт тұнбалары	

2208 30 |Вискилер | литр | 16.00

2208 40 |Ром мен таффия | литр | 10.00

2208 50 |Джин және арша тұнбасы | литр | 10.00

2208 60 |Арак | литр | 3.5

2208 70 |Ликерлер мен тәтті | литр | 5.00
|сусындар

2208 90 110 | Аррак | литр | 6.00

2208 90 190 | | |

2208 90 330 |Алша, алмұрт не шиенің | литр | 3.00

2208 90 380 |спирт тұнбасы, | |
|ликерлерден басқалары | |

2208 90 410 |Өзге де спирт тұнбалары| литр | 5.00

2208 90 780 |мен өзге де сусындар | |

2208 90 910 |Спирт концентрациясы | литр | 2.00

2208 90 990 |кемінде 80% тазаланбаған |
|этил спирті | |

2402 (2402 90 |Сигаралар, ұштары |1000 | 25.00

000-нан басқасы) қырқылған сигаралар |дана |

|мен сигариллалар (жұқа| |

|сигаралар мен темекі | |

|сигареттері | |

2710 00 270 |Автомобиль бензині | литр | 0.20

2710 00 360 | | |

7013 21 |Су ішуге арналған | кг | 20.00
|хрусталь ыдыстар | |

7013 31 | Үстел жасауға арналған| кг | 20.00
|бұйымдар не ас үйдің | |
|хрусталь керек-жарақтары | |

7013 91 |Өзге де хрусталь | кг | 25.00
|бұйымдар | |

7102 39 000 |Бриллианттар | карат | 1500.00

7113 |Зергерлік бұйымдар мен | кг | 1500.00
аса бағалы металдармен	
жылтыратылған не аса	
бағалы металдардан	
жасалған олардың	
бөліктері	

7114 |Шеберлерге арналған | кг | 3000.00
не күміс бұйымдар мен	
аса бағалы металдармен	
жылтыратылған, не аса	
бағалы металдардан	
жасалған олардың	
бөліктері	

7116 |Табиғи не жасанды | грамм | 1.50
інжуден, аса бағалы	
металдармен жылтыратыл.	
ған, аса бағалы не жар.	
тылай аса бағалы	
(табиғи, жасанды не	
қалпына келтірілген)	
тастардан жасалған	
бұйымдар	

8703 21 |Іштен жанатын поршеньді| дана | 10000.00

8703 22 |двигателі бар двигате. | |
лінің жұмыс көлемі 1500	
текше см. жеңіл	
автомобильдер	

8703 23 |Иштен жанатын поршеньді| дана | 20000.00

двигателі бар двигате.	
лінің жұмыс көлемі қоса	
алғанда 1500 текше см.	
ден 3000 текше см.ге	
дейнігі жеңіл	
автомобильдер	

ҚР МКК-нің Нұсқауына
2-Қосымша

_____ бастығына

(декларанттың атауы
мен мекен-жайы)

Ө Т І Н І Ш

_____ КЖД бойынша кедендік ресімдеу үшін ұсынылған мәлімделген тауарлардың кедендік құнын нақтылау мақсатында қосымша құжаттарды көрсету қажеттілігінің туындауына байланысты Сізден кеден органының депозитіне кеден төлемдері мен салықтарының сомаларын төлей отырып, тауарды біздің пайдалануымызға беруді сұраймыз.

Кедендік уақытша (шартты) бағалаудың негізінде 199__ жылдың " __ " _____ мөлшерінде есептелген кеден төлемдері мен салықтарының қосымша сомасын төлеу кеден органының 199__ ж. N _____ от " _____ "

_____ ПП депозитіне соманы салу жолымен:
қамтамасыз етіліп отыр.

Құжаттарды ұсыну мерзімі 199__ ж. " __ " _____

Ұйымның мөрі
Күні

Басшы _____
Бас бухгалтер _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК